

Семей мемлекеттік Медициналық университеті  
Неврология және психология кафедрасы

Тақырып: *Топтағы тұлғааралық қарым – қатынас және оның құрылымы*

Тексерген:Рахыпбеков Т.К

Орындаған:Рысбекова Д

Сд-101

# Жоспар

- I. Топтағы тұлғааралық қарым –қатынас туралы түсінік.
- II. Қатынас және оның құрылымы.
- III. Топтағы тұлғааралық қарым – қатынас және оның түрлері.

- Тұлға аралық және бетпе бет қарым- қатынас- ең негізгі деңгейі қолжетімді ақпаратпен байытылу жолы және бір адам немесе бірнеше адамдардың арасындағы ақпаратпен алмасу болып табылады. Тұлға аралық қарым- қатынас тура немесе сол мезеттілік үрдіс. Тұлға аралық қарым- қатынас тәртібін өзгертуде жаңа тәжірбиелік қарым қатынаста маңызды сәт болып табылады .

Тұлға аралық қарым- қатынас адамдармен қатысты барлық жерде пайдаланылады , алға қойған мақсатқа жетуде, жақсы дағдылар болып табылады.

Бұл- бетпе бет ,вербальді, вербальді емес ақпарат алмасу, адамдар арасындағы немесе топтағы пікір алмасу болып табылады .

Тұлға аралық қарым - қатынасқа мотивация, оқыту, ,кеңес беру кіреді.

- Мотивация –бұл динамикалық ағым, адамды іске жетелейтін эмоциональді жағдай . Жеке және топтық оқытылу –Оқытылып жатқан қатысушыларға керек ақпаратпен қамтамасыз ету . Алынған мәлімет тыңдаушының білімін жетілдіруіне, ал әдістері оның орындалуын, оқу үрдісі оқып жатқанның тәжірбиелік қарым қатынас орнату, мінез құлқын өзгертуде септігін тигізеді.

- Кеңес беру—бұл адамдардың бетпе бет қарым қатынасы ,кеңес алушыға нақты толық ақпарат беруге, клиентке қиындықтарын шешуге және қарсы тұру үшін көмектеседі . Жеке кеңес беру –бұл клиентке өміріне қатысты шешім қабылдауда немесе өмірін тәртібін өзгертуге септігін тигізетін көмек .
- Егер қарым- қатынас сәтсіз болса, аяғы да сәтсіз болады. Егер ақпарат әртүрлі түсінікте болса, онда ол түсінік көптеген жағымсыздық әкеледі. Әрқашанда сізден артық білетін біреу бар. Қарым- қатынас көп болған сайын,түсінісу қиын болады. Бұл пікірлер нақты емес қағида болып табылады, бірақ әзілдеп болса да дұрыс қарым қатынастың қиындығын көрсетеді .

Тұлғааралық қарым-қатынас адамдар болмысының қажетті шарты болып табылады. Қарым-қатынасыз адамның жекелеген психикалық қызметтерінің, үдерістер мен ерекшеліктерінің, жеке тұлғаның және тұтас қоғамның толыққанды қалыптасуы мүмкін емес. Кейде «қарым-қатынас», «әлеуметтік қарым-қатынас», «тұлғааралық қарым-қатынас», «іскерлік қарым-қатынас» және «мәдени қарым-қатынас» түсініктері өзара байланысты болғанымен, бір-біріне тең келмейді, себебі олардың өзіндік өзгешеліктері болады.

Адамдар арасындағы қатынастардың қаншалықты айқын байқалуына байланысты қарым-қатынастар бірнеше түрге бөліп қарастыруға болады:

Қоғамдық қатынастар анағұрлым айқын көрінетін әлеуметтік бағдарлы қарым-қатынастар (дәріс оқу, баяндама және т.б.);

Бірлескен іс-әрекеттерге байланысты қарым-қатынастар айқын байқалатын пәндік бағдарлы топтық қарым-қатынастар (бұған еңбек ету, оқу барысында қалыптасатын қарым-қатынастар жатады);

Тұлғааралық қарым-қатынастар, яғни бір адамның екінші адаммен қарым-қатынасы. Тұлғааралық қарым-қатынасқа адамзат аралық ақпарат алмасу жатады, бұл қарым-қатынастың бірінші коммуникативтік жағы ретінде сипатталады. Тұлғааралық қарым-қатынастың екінші жағы – қарым-қатынас жасаушылардың өзара әрекеттестігі – тек сөйлесу үдерісі арқылы ғана емес, істері мен әрекеттері арқылы да қарым-қатынас жасау. Қарым-қатынастың үшінші жағы қатынас жасаушылардың бірін-бірі қабылдауы болып табылады.

- Ал оқыту үдерісіндегі тұлғааралық қарым-қатынас дегеніміз— оқытушының ықпалымен студенттердің топтық іс-әрекетін реттеуші, вербалды, бейвербалды қарым-қатынасқа түсу ерекшелігі, оқыту үдерісіндегі шиеленістерді шешудің, мінез-құлықтың топтық нормаларын қалыптастырудың құралы және болашақ маман тұлғасының қалыптасуының бір факторы болып табылады.
- Оқыту үдерісінде тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетінің болмауы немесе төмен деңгейде болуы көп жағдайда келіспеушілік пен келеңсіз оқиғаларға себеп болуы мүмкін. Мұндай келеңсіз жағдайды табысты әрі шебер түрде реттей білу қарым-қатынас мәдениетіне тікелей байланысты.
- Оқытушы мен студент арасындағы тұлғааралық қарым-қатынастың негізгі моральдық нормалары бар, олар – өзінің тыңдаушыларының әрқайсысының қадір-қасиетін құрметтеу, ішкі дүниесіне ықыласпен және сеніммен қарым-қатынас жасау, қайырымдылық пен мейірбандық таныту.

Адами ресурстармен басқаруда үш негізгі аспектіге ықпал етіледі: 1) Индивидтер мен әлеуметтік топтардың өмір сүру жағдайы; 2) Әрекеттің әр саласындағы тұлға аралық қатынасы; 3) Субъекттің өзін қоғам мүшесі, профессионал және толыққанды тұлға қалыптастырудағы даму үдерістері. Аталмыш аспектілер алуан түрлі ортада көрініс табады - білім алуда, еңбекте және т.б.

- Қазіргі кезде жоғарыда аталған практикалық талаптардың шешуге негізделген тұрақты ғылыми базаны құру шарт. Олар өз алдына психологиялық теорияның даму бағыттарын анықтайды, зерттеу әдістерін бағалау және т.б.

- Тәжірибеде пайда болатын мәселелерді жүзеге асырудағы ғылыми базаны құру бұрынғы классикалық қатынастармен қатар, құрылымды өзгертуді талап ете отырып, олар төменгі әрекеттерден тұрады:

1. Субъект өмір үрдісінің анализі, ол адам дамуының үрдісі, қажеттіліктерді пайда болуы мен оларды қанағаттандыру; қарым - қатынастарды қалыптастыру және дамыту;

2. Әлеуметтік үрдістегі және ірі топтардағы жеке субъектілердің өмір жолдарының интеграцияларын зерттеу - «жеке» және «қоғамдық» сананың қатынасы, ұйымдардағы адамдар әрекеті;

3. Сауда үрдісі деп аталатын ортадағы психологиялық жайттарды зерттеу: жеке меншіктердің өзгеруі және ұйым конверсиясы және т.б.

Мамандар жүйелеудің көрсеткіштерін психодиагностикалық міндетіне әдістемелердің адекваттылығын бағалайтын аспектісі ретінде көрсетеді.